

**"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 тамыздағы № 533 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 532-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ережеде:

15-тармақта:

3) және 3-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) заңды тұлғаларды, орталық мемлекеттік органдардың және ведомстволардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, сондай-ақ әкімдердің нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету;

3-1) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қарau және жылжымалы мүлік кепілінің тізілімін жүргізу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;";

16-тармақта:

96), 105), 106), 107-1), 107-3), 107-4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"96) аумақтық әділет органдарының қызметін қамтамасыз ету және оларға заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша әдістемелік басшылық ету;";

"105) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қарau және жылжымалы мүлік кепілінің тізілімін жүргізу саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

106) тіркеуші органның қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;";

"107-1) жылжымалы мүлік кепілін және жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу салаларында құқықтық кадастры қолдауға қойылатын талаптарды және құқықтық кадастрага қол жеткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;";

"107-3) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының жылжымалы мүлік кепілін тіркеу саласында және жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы статистикалық және өзге де есептік ақпаратты ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

107-4) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу және ғимараттарды, құрылышжайларды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарau үшін тіркеуші орган өндіретін және (немесе) өткіzetін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетіletіn қызметтердің) бағаларын келісу;";

мынадай мазмұндағы 96-1), 105-1), 107-8) тармақшалармен толықтырылсын:

"96-1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша әдіstemелік басшылықты жүзеге асыру;";

"105-1) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;";

"107-8) жылжымайтын обьектілерді мемлекеттік техникалық зерттеп-қарau бойынша нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;";

107) және 107-2) тармақшалар алып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министри

Б. Сагынтаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК